

ЭКСПРЕССИВТІК СТИЛИСТИКА: ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР

*Қоянбекова С.Б.¹, Үдербаев А.Ж.², Зиядаұлы Б.³

¹Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, филология ғылымының докторы,
қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан,
e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

²Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, филология ғылымының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан,
e-mail: a.uderbayev@satbayev.university,

³Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ,
филология ғылымының кандидаты, доцент, Алматы, Қазақстан,
e-mail: batenke89@mail.ru

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының ұлттық танымдарға бейімделген ақыл-ой өрісінің пайымдаулармен тоғыстырылуындағы функционалдық, құрылымдық трансформациалануы, кумулятивтік, концептуалдық мәнін анықтау. Тілдегі экспрессивтік әлеует ұлттық төлтума қасиет-сапалар ұрпақ жалғастығымен дамытылатыны зерттеліп келеді. Алайда, экспрессивтілік құбылысы ұлт болмысынан туындайтын тіл табиғатын анықтап, ұлттық психология парадигмаларын құрайтын мәселелер әлі де жан-жақты қарастыруды талап етеді. Ұлттық мінез-құлық, сезім, іс-әрекетте көрініс алатын психологиялық заңдылықтар ғасырлар бойы дамытылып, интеграциялық мақсатта талдау үрдісі жалғасуда. Сондықтан, тіліміздегі экспрессивтілік бейнелеу, бағалау тілдік құралдары коммуникативтік қарым-қатынас жасаушылардың белсенді сезім-күй әрекеттері ойды көркемдеп, өрнекті қолданылуын қарастыратын өзекті сала болуымен айқындалатындықтан, тілімізде біршама қиындықтар туындататын түбегейлі мәселелер жүйелі зерттеуді қажет етеді. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы да осында.

Зерттеу барысында философияның танымдық теориясы мен диалектикалық логика, психолингвистикадағы тіл мен сөйлеуді сабақтастыратын теориялық тұжырымдар басшылыққа алынды. Мақаланың мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда ғылыми пайымдаулар, диахронды, тарихи, салыстырмалы, синхронды, салыстыру, сипаттау, талдау, модельдеу әдістері қолданылды. Мақалада ұлттық тіліміздегі эмоционалды, бейнелеуіш бағалаудағы лексикалық бірліктер экспрессивтік қызметке бағытталатындықтан, психолингвистикамен тығыз байланыста қарастырылды. Психолингвистикалық зерттеулер сөз бен сөйлем құрылымын анықтауда жиі кездесетін ұғымдардың тіліміздегі қолданылу маңыздылығын анықтап, тұрақты ақпарат алмасуда мінез-құлықтың сипатын толықтырып, психолингвистикалық үдерістердің негізі туралы тікелей ақпарат береді. Жалпы тіл адамның ішкі көңіл-күй толғанысы мен субъективті қарым-қатынасын жеткізетін көп деңгейлі құрал. Адамның эмоционалдық сезімін жеткізудегі эстетикалық табиғаты экспрессивтік қызметімен ұштастықтағы тұжырымдар жан-жақты дамытылып, ұлттық психологиялық парадигмалар тұрғысынан зерттеудің өзектілігін танытады. Сонымен қатар, белгілі бір ұлттың қажеттілігін бейнелейтін лингвостилистикалық зерттеулердің аясын кеңейтіп дамытады. Сондықтан, психолингвистика саласын ұлттық парадигмалардың мәдени арақатынасын кешенді зерделейтін ғылым деп анықтауымызға болады. Алынған нәтижелерді «Шешендік өнер», «Қазақ тілі стилистикасы», «Көркем әдебиет стилистикасы», «Сөз мәдениеті» пәндерінен

оқылатын теориялық дәрістер мен арнайы курстарда, болашақ ғылыми ізденістерде қолдануға болады.

Тірек сөздер: экспрессивті стилистика, психолінгвистика, ұлттық психология, ұлттық парадигмалар, коммуникация, лингвистилистика, сөз мәдениеті, эмоционалды бағалауыштық категориялар.

Негізгі ережелер

Мақалада қазақ тілі экспрессивтік стилистикасында қазақ ұлтының ауызекі және жазбаша түрдегі қарым-қатынасының мәдениеті орын алады. Қалыптасқан сөз мәдениеті ұлттық психологиямен тығыз сабақтасатыны ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттеу нысанына алынғаны сипатталып, жан-жақты шолу жасалған.

Экспрессивтік стилистика қоғамдық қызмет салаларын кіріктіре отырып, халқымыздың ұлттық болмысын, әдет-ғұрпын, тәрбиесін, ұлттық рухын, білімін, тілін, мәдениетін, біліктілігін болашаққа жалғап, ұлттың негізін қалыптастыратыны мақалада жүйелі талданған.

Зерттеу еңбектерге жүгінсек, қазақ тілі стилистикасында өзге ғылымдарға қарағанда, психолінгвистиканы зерттеу кенже қалған. В.Н. Грідін, И.Р. Гальперин, Я.И. Гин Л.Н. Мурзин А. Мейенің еңбектерінде тіл мен психологияның біріккен тұстары жүйелі қарастырылған. Ал, қазақ тіл білімінде бұл проблема әлемдік еңбектерді негізге ала отырып, салыстырмалы түрде түбегейлі зерттеуді қажет етеді.

Аталған мақалада қазақ ұлтының өзіне ғана тән психологиялық ерекшеліктерінің қуаты сөйлеу барысында анықталатыны теориялық тұрғыдан дәлелденіп, практикалық мысалдармен ұштастыра дәйектелген.

Кіріспе

Қазақ тілінің ерекшелігі өзінің құрылысындағы бірліктердің энергетикалық қасиетін сөйлесу әрекетінде танытады. Сөйлесу барысы көп түрлі және көп бейнелі түрге енетін күшке ие болады. Адам баласы тілдік қарым-қатынас барысында физикалық та, психикалық та, физиологиялық та процестермен қатар жүретінін байқатады. Сондықтан, сөйлеу әрі жеке, әрі әлеуметтік құбылыс ретінде болады.

Тіл мен сөйлеудің, психиканың онтогенезіндегі және оның қалыптасуындағы орны өте үлкен. Дәл сол сияқты тіл мен сөйлеу үшін де психиканың алатын орны зор.

Психологияның қоғамдық ғылымдармен байланысы үлкен маңызға ие. Атап айтқанда, тарих, тіл, этнография, экономика, әлеуметтану, өнертану заң және т.б зерттеулеріндегі мәселелер ұштастықта психология ғылымымен байланыстырылады. Соның ішінде, психологияның тілмен ұштастықта сабақтаса кірігуі, яғни, экспрессивтік стилистикалық мәселелер зерттеу нысанының өзектілігіне айналды.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Қазақ тілінің мүмкіншіліктерін психолінгвистикалық тұрғыдан қарастыруда адамның қабылдау есі, ойлауы, зейіні сөйлеудің тетіктерімен

тығыз байланыста қарастырылады. Белгілі бір стильде мәтін түріндегі даярланып сыртқа шығарылған сөйлеу парадигмасы – адамның ең жоғарғы психикалық функциясы ретінде барлық басқа психикалық процестерді бір-бірімен байланыстырады және ұйымдастырады.

Психологиялық факторлар өздігінен әлеуметтік процестерді бағыттай алмайды, керісінше, олардың өзін осы қоғамдық процестерді талдау арқылы түсіну мүмкін. Адамның психикалық негізгі іс әрекеттерінің негізгі формалары қоғамдық тарих шарттарына орай туындап, дәстүрлі іс-әрекет жағдайында өрісін тауып, тілді қолдануға байланысты қалыптасады.

Сөйлеу туындысының біртіндеп дамуы қабылдау кезеңінен бастап, барлық жоғары психикалық процестермен байланысын орната береді. Психиканың басты қызметі – шындық болмысты бейнелі формада сәулелендіру десек, адамның жеке тұлғасы оның гендерлік яғни ұлттық мінезімен, сезімімен, әлеуметтік бағдарымен, қоғамдағы өзіндік орнымен танылуына байланысты оның еркі, темпераменті, эмоциясы да сөйлеудің туындауында үлкен рөл атқаратынына баса назар аударамыз.

Психикадағы образдар сөйтіп тілдік таңбаларға айналады. Әрине, таңбалар образдардың шартты түрлері, бірақ сол таңбалар арқылы адамның санасында күрделі, үлкен формалары әрқилы, ақпарат сақталып және екінші адамға жеткізілуі мен тыңдаушы адамның сол ақпаратты түсінуі – адам баласына берілген ерекше қызмет түрі екенін нақты көрсетеді. Мысалы, қазақ тіліндегі «қарағым» деген [к] [а] [р] [а] [ғ] [ы] [м] сөзді дыбыстарында немесе олардың жай тіркесуінде тұрған ешқандай «қара», «қарак», «қарағым» туралы тікелей мағына жоқ. Бұл жерде «қарағым» деген экспонент тек қана адам әрекетінің белгілі бір жағдайына қатысты белгілі бір образға сілтеме жасай алады. Бұл жағдай барлық сөзге қатысты бірдей деп айта аламыз. Өйткені, қалыптасқан дыбыстар бірізділігі арқылы қалыптасқан белгілі бір образдар берілуі – ұлттық тіл жүйесінің басты қызметі. Соңғы жылдары ғалымдар білім мазмұны тілдің таңбаларында емес, «фреймдерде» сақталады деген пікір қалыптастырып келеді. Қазақ тілі экспрессивтік стилистиканың ерекшеліктерін қалыптастыруда тіл мен психиканың тамырлары мен олардың өзара байланысы туралы қарастырудың үлкен мәні бар. Адамдардың эмоционалдық жағдайларын бағалап, біз олардың анық көңіл-күйлеріне сәйкесінше қарым-қатынастарын дамыттырып, тереңдетіп түсіндіруге мүмкіндіктер алдырады, өздеріміздің сондай-ақ, олардың төңіректеріндегілердің мүддесіне сай соған, ұтымды әсер етудің жолын іздестіре де пайдаландырамыз. Соңғы уақытта жалпылай психология проблемалары көп шешімдері тілге қатынасты зерттеуге байланысты болып отыр. Сол себепті психикалық және тілдік іс-әрекеттің мынадай өзара салыстырмалы түрдегі ерекшеліктерін анықтауға болады: психикалық іс-әрекеттің тіл таңбаларын тікелей қолданбай өтетіні байқалады. Бұған адамның бейнелі-әрекеттік ойлауы мен образды ойлауы дәлел бола алады; психикалық іс-әрекет өзінің жүзеге асырылуының барлық кезеңінде тілді пайдаланады. Мысалы, баяндама жасау, дәріс оқу, халық алдында сөйлеу; психикалық іс-әрекет тілді тек қана белгілі бір кезеңдерде яғни өзінің өте жауапты кезеңінде


ғана пайдаланады. Ол кезеңдер мынадай болып келеді: қажеттілік пен интенцияның, ой әрекетінің туындауының бас кезеңінде, мысалы: «Сабаққа бару керек...»; іс-әрекеттің өтілетін жағдайын талдау барысында, яғни афференттік кезеңде, мысалы: «Сап-сап көңілім, сап көңілім»; белгілі бір шешім қабылдау кезеңінде, яғни іс-әрекеттің жай жапсарын танып-білгеннен кейін, мысалы: біз өзімізге: «Мен ойымды пайымды түрде айтамын...» т.б түрде айтуымыз керек; іс-әрекетті жоспарлау кезеңінде, яғни белгілі бір шешім қабылдау кезеңінде, яғни іс-әрекеттің жоспарын анықтау кезеңінде, мысалы: «Ол қызбен танысу үшін оның жүретін жолына, мен алдын-ала келіп тұруым керек»; іс-әрекеттің жүзеге асырылу кезеңінде, мысалы: «Меңтайдың бөлмесінің есігі ашық екенін көріп қап, мен тез бұрылып кеттім». Психика мен тілдің өзара қарым-қатынас парадигмасын қарастыра отырып, біз психиканың тұтас жасалым екенін ұмытпауымыз керек. Ал жеке адамның психикалық процестері өту барысында оның қандай да бір, жекелеген қасиеттері, эмоциясы алдыңғы орынға шығып отыратыны сөзсіз.

А. Мейенің «Тіл нәрсе емес, тіл – іс-әрекет» деген теориясына сәйкес, тілдік таңба табиғатының, тіл қуатының антропологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерінің өзара үштік бірлік байқалатынын ғалымдар атап көрсетеді [1, 146 б.].

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Жалпы тіл адамзаттың қоғамдағы тарихта жиналған ақпараттарды жеткізушілердің құралдарының бірі. Ақпараттарды психолінгвистика тұрғысынан қарастыратын болсақ, қазақ тіліндегі экспрессивтік стилистиканың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік деңгейлердегі өзгеру, даму, мағына реңктерінің көбею процестерін аңғару қиын емес. Көркем мәтіннің құрамында тіл бірліктерінің барлығы өздерінің тура мағынасынан басқа түрлі қосымша мағыналарға ие болып жатады. Мұндай ерекшеліктердің барлығы мәтіннің тұтастық мағынасынан туындайды. Осы тұрғыдан алғанда, И.Р. Гальпериннің мәтін құрамында анықталатын ақпараттардың түрін мынадай етіп жіктеуін ұстану дұрыс деп ойлаймыз. Ол: мазмұндық-фактуальдық ақпарат; мазмұндық концептуалдық ақпарат; мазмұндық мәтін астарлы ақпарат [2,187 б.]. Ақпарат теориясына сүйене отырып, мәтіннің психолінгвистикалық қырларын талдауда мәтіннің мазмұндық құрылымын мынадай түрде анықтауды ұсынамыз:

1 кесте - Көркем мәтіннің стилистикалық ерекшеліктерінің туындауы



Мәтін мазмұнындағы терең мағына түптеп келгенде, шынайы өмірдің моделі, бірақ сол шындық болмыс пен мәтін мағынасының бірдей болып келмейтіні де белгілі. Көркем мәтіннің экспрессивтік мағынасы жасалғанда сол мағынаның тілдік кеңестіктегі құрылымдық мәндік жағынан графикалық және дискурстық болып келетін, өзіндік ерекшелігі бар материалдық-таңбалық форманы түзеді. Сол формада лингвомәтіндік бірліктердің мынадай деңгейлері орналасады: фонетикалық деңгейдегі; сөзжасамдық деңгейдегі; лексикалық деңгейдегі; грамматикалық деңгейдегі Я.И. Гин грамматиканы поэтикалық әлемнің перифериялық бөлшегі деп санамау керектігін, есесіне, грамматика-мәтін және мәтін мағынасы түзілуіндегі қажеттігіне назар аударады [3, 177 б.].

Қазақ тілінің фонетикалық деңгейінің экспрессивтік стилистикалық қызмет ету ерекшеліктерін қарастырғанда, фонетикалық бірліктердің табиғаты туралы дәстүрлі көзқарастардан гөрі, психолингвистика мәліметтеріне сүйену дұрыс болады деп ойлаймыз. Қазақ тілінің фонетикасының, кешенді тұлғасы – аса күрделі ұйымдасқан динамикалық қызмет атқаратын, түрлі комбинациялар мен трансформацияларға түсе алатын, тілдің «түрлі бейнесі» анықтау мүмкіндігі ерекше байқалатын деңгей болып табылады. Тілдесу біркелкі іс-әрекет қажеттігінен туындаған адамдар арасындағы байланыстардың даму көзі. Тілдесе отырып, адам басқаларға өзінің ерекшеліктерін, даралық қасиеттерін танытады. Осыған байланысты тілдік бейнелердің өзара ерекше түзетін парадимасын былайша көрсетуге болар еді [4, 159 б.].

2 кесте – Тіл жүйесі мен бірліктерінің күйі және қалпының парадималық болмысы



Психолингвистердің бірқатары физиология мен нейропсихологияның жетістіктеріне сүйене отырып, тіл жүйесінің деңгейлерін фондық деңгей және жетекші деңгей деп екі бөліп қарастырады [5, 201 б.]. Л.Н. Мурзин фонетика морфемдік деңгейлерді фондық деңгейге, ал, лексикалық және синтаксистік деңгейлерді жетекші деңгейлерге жатқызады [6, 109 б.]. Қазіргі заман психологиясының асамаңызды артықшылығын танытқан ғылыми ағым когнитивтік психология. Когнитивті психологияның негізгі зерттеу аймағы

танымдық процестер – ес, тіл мен сөздің психологиялық қырлары, қабылдау, ойлау, зейін, адамның көңіл-күйімен себеп түрткілерін қолданады. Эмоция психология үшін бұл ұғымның процессуалдық, психологиялық аспектісі қаншалықты маңызды болса, экспрессивтік стилистика үшін де оның мәні айрықша. Адамға тән эмоцияның психологиялық табиғатын тану ұлттық экспрессивтіліктің табиғатын тануға тірек бола алады. Енді ұлттық экспрессивтік стилистикалық қызметтің психикалық қозғаушы күші болып табылатын эмоцияның психологиялық және лингвистикалық табиғатына тоқталайық. Ғалымдар тілді адамның сезімі мен көңіл-күйін жеткізудегі мүмкіншілігі әлі жеткілікті зерттелмегені туралы айта келіп, тілдегі эмоцияны жеткізуші құралдарды жүйелеу қажеттілігін көрсетті және жан-жақты толық зерттеуді ұсынды. Бұл жағдай қазақ тіл білімінде де бар. Тіл құралдарының эмоционалдық экспрессивтік қызметі лексиканың, грамматика аясында зерттелгенімен, экспрессивтік стилистиканың арнайы құралдары ретінде бірізге түсірілген жоқ. Адамның эмоциясы және оның тілдік көрінісі көптеген тілдік және тілдік емес ғалымдардың зерттеу пәні болып келеді. Адамға тән эмоцияны атау үшін психикалық шындық, психикалық жай-күй, ішкі жан-күй, эмоционалды іс-әрекет т.б. ұғымдар қолданылып жүр. Адамның табиғатына тән сезім дүниесінің қыры мен сыры психологтар үшін тек тіл арқылы ғана танылады. XIX ғасырдың өзінде В. Гумбольдт тілді адамның сөйлеу әрекеті ретіне қарастырған. Қазіргі кезде тіл білімі В. Гумбольдтің тілді адаммен байланыста қарастыру туралы іліміне қайтадан оралды. Бүгінде тіл білімінің антропоцентристік бағыттағы салалар бойынша зерттеулер күрт өсе түскені байқалады [6, 69 б.]. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, биологиялық-физиологиялық әлеуметтік қасиетпен бірге адамға «психикалық әрекет пен эмоционалдық бағалауыштық» тән болып табылады [7, 196 б.]. Барлық замандардағы адамдар қуану, қайғыру, ғашық болу, мұнаю секілді ішкі сезімдердің сыртқа шығарудың, бір-біріне білдірудің түрлі тілдік құралдарын таба білген. Адамзат бұл бағытта мол тәжірибе жинақтады. Психологтардың зерттеуі бойынша: эмоцияға кешенділік сипат тән. Қазіргі кезеңде жоғарыда талданған мәселелермен қатар ұлттық психологияны тілдік тұрғыдан зерттеу проблемалары теориялық және практикалық міндеттердің әртүрлілігіне байланысты жедел қарқынмен дамуда. Соңғы 15-20 жыл көлемінде ұлттық психологияны зерттеу аймағы барынша кеңейіп, жаңа болжамдар мен тұжырымдар үздіксіз дамуда. Сондықтан адамның психикалық іс-әрекеттерінің нысандары қоғамдағы тарихи қалыптасқан шарттарға сай туындап, дәстүрлі шынайы жағдайларды дамып, тілді қолдануға байланысты қалыптасады. Мәселен, қай ұлттың болмысын психологиялық қалыптасуына оның шынайы өмірі негіз болып, темендегідей факторлар ескерілуі қажет: 1) ұлт тарихында өткен ерекшеліктері; 2) өмірдің материалдық жағдайы; 3) ұлт өміріндегі тарихи жағдайлар [13, 115 б.]. Белгілі бір тарихи кезең, тарихи оқиғалар халық тағдырына өзіндік ықпал ететіндіктен, әрбір ұлттың өмірінде, мәдениетімен рухани психологиялық келбетінде өзіндік із қалатыны анық. Кез келген ұлттың негізгі атрибуттарының бірі – ұлттық психология екенін мойындай отырып, сол ұлттың тілінде ерекше орын алатынын ескеруге назар

аударамыз. Ұлттық психологияның, ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлер табиғатын жүйелі талдау үшін адамның даралық өзіндік психикалық қасиеттері – мінез ерекшеліктері, оның ішінде ұлттық мінезге аударту қажеттігі туындайды. Ұлттық мінез адамдардың тарихи қалыптасқан бірлестігі мен ірі топтары болып саналатын этностың, ұлттың, халықтың өмір тіршілігі мен әлеуметтік жағдайының тұтастығы арқылы танылады. Бұл Ы. Алтынсарин еңбектерінде қарапайымдылық пен кішіпейілділік, достық, сыйластық, қонақжайлылық, Отанына, туған еліне дегеншексіз сүйіспеншілігі, өмірдің қиыншылығы мен әділетсіз істерге төзімсіздігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеттерге мән беруімен сипатталған. Мәселен, ұлттық психологиялық ерекшеліктер табиғи материалдық жағдайлардың нақты көрінісімен адам санасында қалыптасады. Алайда, тарихта із қалдырған айтулы оқиғалар барысында пайда болып, біздің кезеңімізге жеткен экспрессивті стильдік мағыналар өткен күндер елесінен хабар беріп, тілдік қорды байытып отырғаны байқалады. Бұған мысал ретінде қазіргі тілдік қолданыстағы «Тар жол, тайғақ кешу», «Қорқыттың көрі», «Күлтөбенің басында күнде жиын», «Барар жерің Балқан тау», «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Абылайдың асы», «Төртеу түгел болса ...», "Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған" т.б. жай хабар, ақпарат беру мақсатында емес тыңдаушысының көз алдына әлдебір көріністерді әкеліп, қатыстық сезім білдіріп, сезім-күй әсері арқылы экспрессивтік мағына туғызады. Мысалы: Былтыр өзің келгеннен, ханның алдың жарлығын. Тар жол тайғақ кешуде қолдың алдың жабдығын. Тіліміздегі мұндай экспрессивтілік мүмкіндіктері мен ерекшеліктері лингвистикалық зерттеулерге негіз болады.

Қорытынды

Жалпы тілдің өте күрделі құбылыс екендігі өркениеттер тоғысында жаңа қырынан қарастырылуда. Соның бірі – тілдің психолінгвистикалық мәселелері. Психолог ғалымдардың еңбектерінде көптеген жағдайларда адамдардың дербес және ұжымдық іс-әрекеттері, әдет, әлеуметтік бағыт-бағдар т.б. қалыптасу заңдылықтарын жеке адамның ерекшеліктері мен сезімін, мінезін зерттеумен тікелей байланысты. Демек, тілді зерттеуде әлеуметтік процестерді, психологиялық факторларды ескеру заңды қажеттілік болып табылады. Жалпы алғанда ұлттық психология сол ұлттың мінезінен, жүріс-тұрысынан, іс-әрекетін, сөйлеу мәнерінен, толғанысын т.б. ерекшеліктерін байқататын қасиет екені тілдік зерттеуіміздің нысаны болды. Талданған мәселелер төңірегінде ойымызды жүйелейтін болсақ, тіліміздегі экспрессивтілігі күшті сөз тіркестері мен сөз өрнектерінің ерекше мәнерлі әсерлікпен берілуі адамның сезімімен тікелей байланыстылығы екеніне көзжеткізуге болды. Мысалы, танымал қазақтың ақындарының бірі С.Торайғыров өмірдегі өзгерулеріне байланысты адамның сезім түрі де түрленіп отыратынына тоқталып, сезім – адамның өзіне, өзге адамдарға, айналасындағы құбылыстарға көңіл-күйінің қатынасын білдіретін және оларды бейнелейтін психикалық процесс екенін [14, 195 б.] нақты айтқан. Жалпы ұлт ұғымы қоғамдағы ұйымдастыру үрдісінің кең тараған бірлігі

ретінде қарастырылып, белгілі бір аумақта тарихи қалыптасқан, бірыңғай тіл, мәдени психологиялық, ділдік өмір салтымен ерекшелінетін әлеуметтік қауым ретінде танылған. Ұлттық санада басымдық берілетін көзқарастар өзін-өзі танумен тарихи кезеңнен бастау алып, жалғастығын тауып келеді. [15, 22 б.]. Ал жаһандық кезеңде бұл үрдіс адамдар қауымдастығының өз көзқарастары, ұстанымдары, құндылықтары туралы әлемде танылуымен мойындатылады. Мақала мазмұнында ұлттық психология мәселесі жан-жақты талданды. Ғасырлар тоғысында ұлттық психология, жүйеленген ұлттық дәстүр, салт-сана, әдег-ғұрыпқа бейімделген қасиеттерді ұрпақтан-ұрпаққа сіңіріп, ұштастыратын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене сияқты тәрбие түрлеріне қатысты мәселелерді қамтиды. Психология ғылымындағы тұжырымдарды қорытындыласақ, адамдардың сезімдеріндегі айқын көріністі байқататын эмоция жан дүниенің өзгеруіндегі өмір ағымдарында маңызды психикалық үрдіс екенін көрсетеді. Осы орайда, тіл және психология пәнінің ұштаса сабақтасқан буыны психоллингвистика ғылымы ерекше назар аудартып, тереңнен зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Мейе А. Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков // Введение в языкознание: Хрестоматия. – Москва: Омега-Л., 2000. –146 с.
- [2] Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: Прогресс, 1981. – 187с.
- [3] Гин Я.И. Информативность поэтического текста. – Калининград: Наука, 1996. – 177с.
- [4] Леонтьев А.А. Психоллингвистические единицы и порождение речевого высказывания. – Москва: Прогресс, 1969. – 201с.
- [5] Ковшиков В.А., Глухов В.П. Психоллингвистика. Теория речевой деятельности. – Москва: Астрель, 2006. – 318 с.
- [6] Гумбольдт В. Сущность, развитие и функционирование языка. – Москва, 1987. – 65 с.
- [7] Серебренников Б.А. Язык отражает действительность или выражает ее знаковым способом // Роль человеческого фактора в языке. –Москва, 1988.
- [8] Болотов В И. Эмоциональность текста в аспектах языковой и неязыковой вариативности: (Основы эмотивной стилистики текста). – Ташкент: Прогресс, 1981. –116с.
- [9] Вилюнас В К. Психология эмоциональных явлений. –Москва: Наука, 1976. – 297с.
- [10] Лукьянова Н.А. О соотношении понятии экспрессивность, эмоциональность, оценочность.//Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Новосибирск, 1976.
- [11] Фабитов Т. Мәдениеттану. – Алматы: Атамұра, 2004. –184 б.
- [12] Гридин В.Н. Семантика эмоционально-экспрессивных средств языка// Психоллингвистические проблемы семантики. – Москва, 1983. – 211с.
- [13] Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Филол.ғыл.док.... дисс. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 320 б.
- [14] Журавлев А.П. О мотивированности признаковой семантики слова натуральным значением входящих в него звуков // Мат. семинара по пробл.мотивир.языкового знака. – Ленинград: Наука, 1969.
- [15] Борбасов С. Қазақстан ұлттық энциклопедия. 9 том. – Алматы, 2007. – 688 б.

REFERENCES

- [1] Meje A. Vvedenie v sravnitel'noe izuchenie indoevropskix yazykov //Vvedenie v yazykoznanie (Introduction to Linguistics). Xrestomatiya. M., Omega-L, 2000. 146 s. [in Rus.]
- [2] Gal'perin I.R. Tekst kak ob'ekt lingvisticheskogo issledovaniya (Text as an object of linguistic research). Moskva. Progress. 1981.187 s. [in Rus.]
- [3] Gin Ya.I. Informativnost' poe'ticheskogo teksta. (Text as an object of linguistic research). Kaliningrad. Nauka. 1996.177 s. [in Rus.]
- [4] Leont'ev A.A. Psixolingvisticheskie edinicy i porozhdenie rechevogo vy'skazyvaniya (Psycholinguistic units and generation of speech utterance). M. Progress. 1969. 201 s. [in Rus.]
- [5] Kovshikov V.A., Gluxov V.P. Psixolingvistika. Teoriya rechevoj deyatel'nosti (Psycholinguistics. Theory of speech activity). M. Astrel'. 2006. 318 s. [in Rus.]
- [6] Gumbo'dt V. Sushhnost', razvitie i funkcionirovanie yazyka (The essence, development and functioning of the language). M., 1987. 65 s. [in Rus.]
- [7] Serebrennikov B.A. Yazyk otrazhaet dejstvitel'nost' ili vy'razhaet ee znakovym sposobom // Rol' chelovecheskogo faktora v yazyke (The role of the human factor in language). Moskva. 1988.[in Rus.]
- [8] Bolotov V I. E'mocional'nost' teksta v aspektax yazykovoj i neyazykovoj variativnosti: (Osnovy e'motivnoj stilistiki i teksta) (Fundamentals of emotive stylistics and text). Tashkent. Progress. 1981. 116 s. [in Rus.]
- [9] Vilyunas V K. Psixologiya e'mocional'nyx yavlenij (Psychology of emotional phenomena). Moskva. Nauka. 1976. 297 s.[in Rus.]
- [10] Luk'yanova N.A. O sootnoshenii ponyatii e'kspressivnost', e'mocional'nost', ocenochnost'// Aktual'nye problemy leksikologii i slovoobrazovaniya (Actual problems of lexicology and word formation). Novosibirsk.1976. [in Rus.]
- [11] Gabitov T. Madeniеттану (Cultural studies). Almaty. Atamura. 2004.184 b. [in Kaz.]
- [12] Gridin V.N. Semantika e'mocional'no-e'kspressivnyx sredstv yazyka // Psixolingvisticheskie problemy semantiki (Psycholinguistic problems of semantics). M., 1983. 211s. [in Rus.]
- [13] Mankeeva Zh. Kazakh tilinin zattyk madeniet leksikasy'. Filol.gy'l.dok.... diss. (Vocabulary of the subject culture of the Kazakh language). Almaty. Kazak universiteti. 1997. 320 b. [in Kaz.]
- [14] Zhuravlev A.P. O motivirovannosti priznakovoj semantiki slova natural'ny'm znacheniem vxodyashhix v nego zvukov // Mat. seminara po probl.motivir.yazykovogo znaka. (The seminar on probl.motivir.the language sign). Leningrad. Nauka.1969. [in Rus.]
- [15] Borbasov S. Qazaqstan ulttyq ensiklopedia (Kazakhstan national encyclopedia). Volume 9. Almaty. 2007. 688 p. [in Kaz.]

ЭКСПРЕССИВНАЯ СТИЛИСТИКА: НАЦИОНАЛЬНЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ

*Қоянбекова С.Б.¹, Үдербаев А.Ж.², Зиядаұлы Б.³

*¹КазНИТУ имени Сатбаева К.И., доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Алматы, Казахстан,
e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

²КазНИТУ имени Сатбаева К.И., кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Алматы, Казахстан,
e-mail: a.uderbayev@satbayev.university,

³КазУМОиМЯ имени Абылай хана, кандидат филологических наук, доцент, Алматы, Казахстан,
e-mail: batenke89@mail.ru

Аннотация. Целью статьи является определение функциональной, структурной трансформации, кумулятивной, концептуальной сущности экспрессивной стилистики казахского языка в переплетении умственного поля с рассуждениями, адаптированными к национальному познанию. Изучается, как развивается экспрессивный потенциал языка по мере развития национальных особенностей каждого нового поколения. Феномен экспрессивности требует всестороннего рассмотрения вопросов, определяющих природу языка, вытекающую из национальной сущности, и составляющих парадигмы национальной психологии. Психологические закономерности, отражающиеся в национальном поведении, чувствах и поступках, развивались веками, и процесс анализа продолжается в интеграционных целях. В связи с тем, что языковые средства отображения, оценки экспрессивности в казахском языке определяются тем, что активная эмоциональная деятельность коммуникативных сообществ является актуальной сферой, предусматривающей художественное и экспрессивное применение мысли, необходимо системное изучение коренных проблем, вызывающих определенные трудности в языке. В этом научная значимость работы.

В ходе исследования авторы руководствовались теоретическими выводами о связи языка и речи в психолингвистике, сочетающими познавательную теорию философии и диалектическую логику. При реализации целей и задач статьи использовались методы научного рассуждения, диахронические, исторические, сравнительные, синхронные, сравнения, описания, анализа и моделирования. В статье лексические единицы эмоциональной, описательной оценки в казахском национальном языке рассматривались в тесной связи с психолингвистикой, так как они направлены на экспрессивную деятельность. Психолингвистические исследования определяют важность использования общеупотребительных в казахском языке понятий при определении структуры слов и предложений, дополняют характер поведения при постоянном обмене информацией, дают непосредственную информацию об основах психолингвистических процессов. В общем, язык – это многоуровневый инструмент, который передает внутреннее настроение и субъективное отношение человека. Выводы о сочетании эстетической природы человека с экспрессивной деятельностью в передаче эмоциональных чувств разрабатываются всесторонне и демонстрируют актуальность исследования с точки зрения национальных психологических парадигм. Кроме того, они расширяют и развивают сферу лингвостилистических исследований, отражающих потребности определенной нации. Поэтому мы можем определить область психолингвистики как науку, комплексно изучающую культурную взаимосвязь национальных парадигм. Полученные результаты можно использовать в теоретических лекциях и элективных курсах по дисциплинам «Ораторское искусство», «Стилистика казахского языка», «Стилистика художественной литературы», «Культура речи» и в будущих научных исследованиях.

Ключевые слова: экспрессивная стилистика, психолингвистика, национальная психология, национальные парадигмы, коммуникация, языковая стилистика, культура слова, эмоционально-оценочные категории.

EXPRESSIVE STYLISTICS: NATIONAL PSYCHOLOGICAL PARADIGMS

*Koyanbekova S.B.¹, Uderbaev A.Zh.², Ziyadauly B.³

*¹Kazakh National Research Technical University named after K. Satpayev, doctor of philological science, associate professor, Almaty, Kazakhstan, e-mail: sarakoyanbekova@gmail.com,

²Kazakh National Research Technical University named after K. Satpayev, candidate of philological science, associate professor, Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.uderbayev@satbayev.university,

³Ablai Khan KazUIR and WL, candidate of philological science, docent,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: batenke89@mail.ru

Abstract. The expressive stylistics of the Kazakh language acquires its own linguistic character, intertwining the mental field adapted to national knowledge with life reasoning. The expressive potential in the language develops national attributes-qualities with the continuation of generations. When viewed from this point of view, the phenomenon of expressiveness determines the nature of the language resulting from the existence of the nation, and forms the paradigms of national psychology. The works of scientists investigate the centuries-old sorting and systematization of national behavior, feelings, manifestations in activity. Expressiveness in our language is determined by the fact that representation, evaluation is a relevant field that considers the expressive use of words, illustrating the thought expressed by the active emotional actions of the people of communicative communication with the clarity of linguistic tools. In the areas of this science, language and thinking, language and consciousness, form and content, the linguistic character of the environment of the use of language devices in the speech text. Lexical units in emotional, descriptive evaluation in our national language are considered in close connection with psycholinguistics, as they are focused on expressive activity. Psycholinguistic studies determine the importance of the use of common concepts in our language in determining the structure of words and sentences, complement the nature of behavior in constant information exchange, and provide direct information about the basis of psycholinguistic processes. Common language is a multi-level tool that conveys a person's inner emotions and subjective communication through language. Since the main purpose of language is to serve the society, it fulfills the multifaceted tasks of a person, in continuity with the anthropocentric field, a person is considered as an intellectual person and a unitary structure from the emotional and mental aspect. Conclusions about the aesthetic nature of human emotional feeling combined with its expressive function are comprehensively developed and demonstrate the relevance of research from the point of view of national psychological paradigms. At the same time, it expands and develops the scope of linguistic studies reflecting the needs of a particular nation. Therefore, we can define the field of psycholinguistics as a science that comprehensively studies the cultural relationship of national paradigms.

Keywords: expressive stylistics, psycholinguistics, national psychology, national paradigms, communication, linguistic stylistics, word culture, emotional evaluative categories.

Статья поступила 06.10.2022